

Утебаева Д.С.
Дінтану және мәдениеттану
кафедрасының
аға оқытушысы,
«дінтану» мамандығы
бойынша гуманитарлық
ғылымдар магистрі

Альджанова Н.К.
Дінтану және мәдениеттану
кафедрасының
аға оқытушысы,
«Мәдениеттану»
мамандығы
бойынша
PhD докторанты

Діни таңдау жасаудың құқықтық негіздері.

Діни сенім бостандығын сақтау адамзат тарихында ежелден келе жатқан, бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпаған мәселелер қатарына жатады. Діни сенім бостандығы мәселесі көне пұтқа табынушы мемлекеттерде болған жоқ деп айтуға болады, оларға тек шектеулі діни төзімділік ғана тән болды, яғни түрлі құдайлар бар болуы және оларға табыну түрлерінің әртүрлілігі мойындалды. Бұл мәселе адамның еркін таңдау жасауымен емес, оның сол аймақта, қоғамда туылумен байланысты болды. Адам белгілі бір қоғамның қолдауымен өмір сүре алды, қоғамнан қуылу өліммен тең болып есептелді. Ежелгі қоғам өміріндегі кез келген әрекет діни сипатта болды.

Ар-ождан ұғымын адамның өз істері үшін адамдардың және өзінің алдында жауаптылығы ретінде түсіну Ежелгі Грекияда ерте кезеңде пайда болған. Демокрит адам өзін-өзі айыптау күйінде ұдайы жүрмеуі үшін, әділеттілікті сақтау қажет деген ой айтқан. Аристотель үшін ұят – «жақсы адамның әділ соты». Антика дәуіріндегі ұят түсінігі полистердегі басқарудың демократиялық формасына байланысты болды: азаматтардың полис өміріне араласуы, адамдардың бойында полис тағдырына деген жеке жауапкершілікті тудырды. Тұлға полис үшін не жақсы, не жаман екенін шешу мәселесінде біршама таңдау еркіндігіне ие болды. Бұл пікірлер еркіндігінің ұлғаю факторларының бірі болып табылды.

Христиандықты Рим империясының мемлекеттік дініне айналдыру, христиан шіркеуіне өздерінің ұстанымдарына қарсы дүниетанымдық ағымдармен күресу үшін мемлекеттік биліктің барлық жүйесін қолдануға мүмкіндік берді. Бұл кезеңде сенім бостандығы ұғымы мүлдем қолданылған жоқ деуге негіз бар. Бірақ П. Абеляр адамның қасиетті мәтіндерді еркін таңдауына құқығы бар екендігін негіздеп, сенім мәселесінде шіркеудің мәртебесіне сүйену қажеттігін айтты.

«Ар-ождан бостандығы» ұғымы «діни сенім бостандығы» түсінігінің даму нәтижесінде қалыптасқанын атап кеткен жөн. Дегенмен бұл құқық батыс әлемінде XVII-XVIII ғ.ғ. пайда болды. Ар-ождан бостандығы идеяларының дамуы үшін XIV ғ. ойшылы У.Оккамның шығармашылығы зор ықпалын тигізді. «Диалог» атты еңбегінде У. Оккам мемлекет пен құқық сауалдарын қарастырды. Оның іліміндегі негізі алғашқы, табиғи адам туралы көзқарас болып табылады. Барлық адамдар табиғатынан еркін болып дүниеге келеді, құлдық адам үшін қорлық деген ойды айтады. У. Оккам Құдайдың қолдауымен халықтың еркімен зайырлы билікті орнату идеясын ұсынды. Мемлекет қоғамдық келісім көмегімен құрылады. Ол шіркеудің мемлекетті басқаруына қарсы болды. У.Оккамнан кейін бұл идеяларды Марсилий Падуанский жалғастырды. «Бейбітшілікті қорғаушы» атты трактатында діни төзімділікті насихаттады. Марсилийдің айтуынша: шіркеу мен духовенстволық зайырлы мемлекетке бағынуы тиіс; еретиктерді жазалау адамгершілікті бағалаулар шеңберінен шықпағаны дұрыс, олардың күнәсін зайырлы заңдар бұзылғанда ғана зайырлы сот қарайды. [1, 73 б.]

Діни төзімділікті қорғау мәселесіне XVII-XVIII ғғ. ағылшын философтары белсенді ат салысты. Т.Гоббс жоғарғы мектептің шіркеуден бөлінуін, ақылға сүйенген білім беруді ұйымдастаруды талап етті. Ал, Дж. Локк болса мемлекет еркіндікті қамтамасыз ету керек, дін –әрбір азаматтың жеке ісі деген ойды айтқан. XVIII ғ. ойшылы А. Коллинз «Еркін ойлау туралы пайымдау» атты шығармасында «Әрбір адам дінмен байланысты сұрақтар жөнінде еркін ойлауы тиіс» деп пайымдаған. Бірақ ар-ождан бостандығы идеясының нағыз қолдаушылары XVIII ғ. француз ағартушылары болды. «Шын төзімділік және ой еркіндігі – діни фанатизмге қарсы ықпалды қару» - деп жазды П. Гольбах. Табиғи құқық теориясының ықпалымен американдық гуманизмнің прогрессивті қайраткерлері Т.Джефферсон, Т. Пейн, Б. Франклин, Дж. Медисон «Діни еркіндікті орнату туралы» және «Тәуелсіздік декларациясы биліні дайындады. [1, 74 б.] Осылайша ар-ождан еркіндігінің шекаралары діни төзімділік идеясына дейін созылды, дінді таңдау еркіндігіне діннен азат болу ойы қосылды. Адамның негізгі құқықтарының бірі – дінді таңдау немесе одан бас тарту түсінігі қалыптасты.

Адам құдайлық «рәміз» (айя, ауа) деген идея ислам діні үшін бұлжымас аксиома болып табылады. Адамның ұлылығы оның табиғатынан туындайды. Ислам дініндегі адам құқығы туралы идеялар осы пікірден туындайды. Мекке қаласына соңғы қажылыққа барғанда Мұхаммед пайғамбар «Ей, адамзат! Біз сені жалғыз ер мен әйелдің жұбынан жараттық және бір-бірлеріңді тану үшін, сені халықтар мен тайпаларға бөлдік (бір-бірлеріңді жек көру үшін емес) Шынында Аллаһ алдында ең лайықтылары құлшылық етушілер». [2, 49:3]. Сонымен бірге ислам діні басқа монотеистік діндердің ұстанушыларының адам ұлылығы идеясын қабылдайды. Ислам дінінде қол астындағы мұсылман еместер дхимми құқығына –құрметке ие.

Ислам діні политеисттер мен атеисттерге қатысты қаталдық пен төзімсіздікті ұстанады. Бүгінгі таңда Еуропадағы ешқандай дінге сенбеушілерге ислам дінінің қатынасы қандай болады? деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауап іздеу мұсылман құқықтық мектебі үшін

маңызды болып табылады. Дегенмен ислам діні өзін «қисын діні» ретінде анықтайды және қазіргі әлемдегі жағдайға байланысты қисынды шешім іздейтіні анық. [3, 24 б.]

Қазақстандағы құқықтың даму ерекшеліктерінің өзіндік тарихы бар. Ежелгі және орта ғасырдағы түркі мемлекеттері құқық мәселесінде қарапайым түркі заңдарына сүйенді. Кейіннен XI ғасырдан бастап, кейбір билеушілер өзге діндерді қабылдап, мемлекеттік ретінде бекітті, өзге діндермен бірге, елдің менталитетіне жат заңдар қабылданды. XIII ғ. Шыңғыс ханның жорығының нәтижесінде «Яссы» заңы қабылданды. Қазақ хандығы қалыптасқаннан кейін атақты «Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» деп аталған заңдары қалыптасты. Қазақ хандарының билігі ешқашанда қатал болмаған, ал көшпенді тайпалар мен жүз немесе ру басшыларымен келіспеушілік болған жағдайда басқа жерлерге қоныс аудару мүмкіндігіне ие болған. Билер институтының да маңызы зор болған, олар жеке және ұжымдық дауларды шешу бойынша сот қызметін атқарды, би атағының халық арасында беделі бар адамға берілуі бұл институттың демократиялық сипатын көрсетеді. Қазақ даласына ислам діні келгеннен кейін дала құқығы шариғатпен астасып қазақ халқының менталитетіне сай, салт-дәстүрінің негізін құраушы заңына айналды. Мұсылмандық құқық діни сипатта болғандықтан оның нормаларын сақтау «діндарлар» үшін діни міндет болып табылады. Жалпы алғанда, халқымыздың тарихында дінге қатысты шектеу, құдалау мәселесі кейбір жеке жайттар болмаса, бүкіл халықтық деңгейде көрініс тапқан құбылыс емес.

Діндер мен пікірлерді таңдау еркіндігі өзінің тарихи формасында адамның әмбебап мойындалған құқығы болып табылады. Қазіргі кезеңде нормативті деңгейде діндер мен пікірлерді таңдау еркіндігі фундаменталды және негізгі құқық екені анық. Мемлекеттер осы құқықты орындалуына тікелей жауап береді, ал саналы азаматтар аталған құқықтың бұзылмауын қадағалайды. Бұл құқық екінші дүниежүзілік соғыстан кейін адам құқықтарының Жалпыға ортақ декларациясы мен азаматтық және саяси құқықтардың Халықаралық пактінің (АСҚХП) 18- бабында белгіленген. [3, 42 б.]

Діндер мен пікірлерді таңдау еркіндігінің нормативті құқығы сегіз компонент шеңберінде шоғырланған.

1. Ішкі еркіндік: әрбір адам пікір, ар-ождан және дін таңдау құқығына ие, яғни өзінің дінін, пікірін өзгерте алады.

2. Сыртқы еркіндік: әрбір адам жалғыз және басқа адамдармен бірлесе отырып діни рәсімдерді орындау еркіндігі бар.

3. Мәжбүрлемеу: ешбір адам өзінің еркіндігіне, өміріне зиян келтіретін мәжбүрлеудің ырқына түспейді.

4. Дискриминациядан қорғау; әбір мемлекет өз территориясында өмір сүріп жатқан азаматтарының нәсіліне, тіліне, жынысына, діни көзқарасына, туылған жеріне, шығу тегіне, ұлтына қарамастан діндер мен пікірлерді таңдау еркіндігін сыйлауы және кепілдік етуі тиіс.

5. Ата-аналар мен қамқоршылар құқығы: мемлекеттер ата-аналардың еркін сыйлауы тиіс және олардың көзқарастарына сай балаларына діни білім беру құқығын шектемеуі тиіс.

6. Корпоративті еркіндік және заңды тұғыр: діни қауымдар діндер мен пікірлерді таңдау еркіндігіне, өз істерінде автономияға ие.

7. Сыртқы еркіндікті шектеудің шекаралары: діндерді және пікірлерді білдіру құқығы заңмен белгіленген және қоғамдық қауіпсіздікті, тәртіпті, адамгершілікті немесе басқа адамдардың негізгі құқықтарын бұзу, денсаулығына зиян келтіру көріністерінде шектелуі мүмкін.

8. Бұл құқықтың өзгермейтіндігі: мемлекеттер діндер мен пікірлерді таңдау еркіндігін қоғамдық қажеттіліктің шеткі жағдайында да өзгерте және шектей алмайды. [4, 25-26 б.б.]

Бүгінгі таңда, Қазақстанда азаматтық қоғам қалыптасуда, демократиялық қоғамдық қатынастар негізі салынып жатыр. Осыған байланысты Қазақстанның болашағы үшін адамдар, ұлттар, діндер, оның ішінде әр түрлі сенім арасындағы өзара қарым-қатынастардың сипаты, бағдары маңызды. Әрине қазіргі кезде бұл мәселелер шегіне жетіп тұр деп айтуға келмейді. Дегенмен елдің қоғамдық өмірінде «көпшіліктің діні» құқығына ие дін ретінде мемлекетте ерекше орын алуға ұмтылу тенденциялары айқын байқалады.

Діни ұйымдар мен дінге сенбеушілер арасында да бір қатар қиындықтар кездеседі. Қазіргі Қазақстан қоғамындағы аталған мәселелерді шешудің құқықтық негізі ар-ождан принципін сақтау болуы мүмкін. Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы маңызды оқиға діни ұйымдардың қызметін реттеуге бағытталған жаңа заңның қабылдануы болып табылады.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың айтуынша: «көп ұлтты үйіміздегі бейбітшілік пен келісім – Қазақстанның ең басты жетістігі. Біздің басты мақсатымыз халқымыздың бірлігін сақтау. Сондықтан жақында Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы қабылданды. Бұл заңда діни ұйымдардың құқықтары мен міндеттері, біздің қоғамымыздағы дінаралық толеранттылықты бекітудегі мемлекеттің рөлі нақты және айқын белгіленген» «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң 2011 жылы қазанның 13-інде қабылданды. (Алғашқысы «Діни сенім және діни ұйымдар бостандығы туралы» заң 1992 жылы қаңтардың 15-інде қабылданған болатын). Жаңа заңның қабылдануы дін мен мемлекет арасындағы қарым қатынасты белгілі жүйеге келтіру қажеттігінен туындады.

Діни таңдау жасау заңмен белгіленгенімен оның идеалды, қоғамға тиімді түрін жасау күрделі мәселе болып табылады. Әрбір ұлттық мемлекет өзінің діни саясатын іске асырғанда өзінің, оның ішінде тарихи реалилерін ескеруі тиіс, себебі «көне демократиялардың» көпшілігінің өзінде либералды демократиялардың принциптері таза күйінде кездеспейді. Бұл мәселеде ешқандай «әлемдік стандарт» жоқ. Бүкіл әлемдік деңгейде мемлекеттер, мәдениеттер және діндер арасында өзара келісім мен ымыраластыққа жетелейтін басқосулар, диалог қазіргі кезеңде қалыптасқан мәселелерді шешудің бірден-бір жолы деп айтуға болады.

В.И. Гараджаның пікірінше адам ең жоғарғы адамгершілік критерилерді құдайлық мәртебеге негіздесе де, моралды нормаларды өзінше таңдау жолында болса да адам моралды болуы, аталған өлшемдерге сай келуі мүмкін. Адамгершіліктік құндылықтар жалпы адамзаттық сипатқа ие, олар тарих барысында қоғамдық сананың түрлі формаларында қалыптасқан. Тек Құдайға сенетін адам ғана адамгершілікті болады немесе керісінше тек атеист ғана адамгершілік тұрғысынан толыққанды болады деген көзқарастар шындыққа жанаспайды және идеологиялық төзімсіздік өнімі болып табылады. Қоғамның рухани денсаулығы дін жойылып, атеизм салтанат құрғанына тәуелді емес, бірақ діни және атеистік фанатизм, төзімсіздікті жеңумен байланысты. Ар-ождан еркін, діни көзқарасты таңдау әрбір адамға оның жеке ісі ретінде берілуі тиіс. [6, 61 б.]

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. И.Н.Яблоков, Ю.Ф.Борунков Основы религиоведения М.1994.
2. Х.Алтай «Құран Кәрим қазақша мағынасы және түсінігі» А.1992.
3. Архиепископ Анастасиос Формирование общих ценностей и общей гражданской позиции в светском и плюралистическом обществе: вклад религиозных объединений. Свобода религий и убеждений 577-578 б.б.
4. Свобода религий и убеждений под.ред. Т.Линдхольм, К.Дурем, Б.Тахзиб-Ли. Москва 2010- 25б
5. Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы. Қазақстан Республикасының Заңы. 13.10. 2012ж.
6. Гараджа В.И.Религиоведение: Учеб. пособие. -М.: Аспект Пресс, 1995.- 351 с.